Abstract. Nanotechnology is one of the fastest-growing industries due to its unique functionality and wide range of applications. Nanomedicine explores the potential of nanomaterials in medicine for prevention and treatment. In this context, silver nanoparticles exhibit specific bactericidal and anti-cancer properties due to their diverse nanostructures. In addition, their production is cost-effective. This article discusses several physical, chemical, and biological methods for the synthesis of silver nanoparticles. It also explores the capabilities and properties of nanoparticles and their role in biomedical applications. Recent advancements in particle synthesis have focused on optimizing the morphology, dispersion, and stability of materials. The shape, form, and ability of nanoparticles depend on the method of synthesis. This article highlights the advantages and disadvantages of physical, chemical, and photochemical methods for producing silver particles. In addition, the photochemical method is of great importance in the particle extraction process. This method is based on the photochemical reductive activity of silver. The method is also expanding its application in biomedical research, demonstrating the importance of photorespiration. The silver nanoparticles obtained by the photochemical method are evenly distributed on the surface of polyvinyl chloride and have a mass fraction of 92.2%. In addition, the addition of silver particles to magnetic coatings can not only change their optical, electrical, and catalytic properties, but also positively affect their effectiveness in the context of sensory, diagnostic, and



antimicrobial applications. To address these challenges, it is necessary to develop a material by determining and refining the amount of the nanocomposite in the packaging and the optimal thickness of the packaging. Since the method of silver nanoparticle synthesis directly affects the quality of the particles, it is crucial to choose an effective method.

Keywords: silver, nanoparticles, photochemical methods, antibacterial properties, metal layer

For citations: Zamanbek A.Zh., Koshkarbayeva Sh.T., Satayev M.S. Methods of Obtaining Silver Nanoparticles and Antibacterial Properties. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 450–461. DOI: <https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.432>

©Заманбек А.Ж.*, Кошкарбаева Ш.Т., Сатаев М.С., 2026.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

*E-mail: z.zh.akhanym@gmail.com

КҮМІС НАНОБӨЛШЕКТЕРІНІҢ АЛЫНУ ӘДІСТЕРІ МЕН АНТИБАКТЕРИАЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Заманбек Аққаным — PhD докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,

E-mail: z.zh.akhanym@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-8828-5315>;

Кошкарбаева Шайзада — техника ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,

E-mail: shayzada-1968@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8753-3245>;

Сатаев Малик — техника ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,

E-mail: malik_1943@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3456-7083>.

Аннотация. Нанотехнология – өзінің ерекше функционалдылығымен және қолдану аясының кеңдігімен тез дамып келе жатқан саланың бірі. Наномедицина наноматериалдардың медицинада профилактикаға, ем іс шарасына қажетті құралдардың мүмкіншіліктерін зерттейді. Осы тұрғыда күмістің нанобөлшектері әртүрлі нанокұрылымға ие бола отырып, бактерицидтік, қатерлі ісікке қарсы ерекше қабілеттіліктер көрсетеді. Сонымен қатар, оларды өндіру экономикалық жағынан тиімді. Бұл мақалада күмістің нанобөлшектерінің синтездеудің бірнеше физикалық, химиялық, биологиялық әдістері қарастырылған. Нанобөлшектердің қабілеттері мен қасиеттері, биомедицинадағы рөлі кеңінен қарастырылған. Бөлшектерді синтездеудің соңғы уақыттағы прогресі материалдардың морфологиясын, дисперсиясын және тұрақтылығын арттыруды оңтайландыруды қажет етеді. Нанобөлшектердің пішіні, формасы мен қабілеттілігі олардың синтезделу әдісіне тәуелді. Бұл мақалада күміс бөлшектерін алудың физикалық, химиялық, фотохимиялық әдістерінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған. Сонымен қатар, бөлшектерді алу барысында фотохимиялық

әдістің маңыздылығы зор. Бұл әдіс күмістің фотохимиялық тотықсыздануға активтілігіне негізделеді. Әдістің биомедицинада да қолданысын кеңейтіп, фотототықсызданудың маңыздылығын көрсетеді. Поливинилхлорид бетінде фотохимиялық әдіспен алынған күміс нанобөлшектері біркелкі таралып, массалық үлесі 92,2 % шамасын көрсеткен. Сонымен қатар, магниттік қаптамаларға күміс бөлшектерін қосу оптикалық, электрлік және каталитикалық қасиеттерді өзгертіп қана қоймай, олардың сенсорлық, диагностикалық, микробқа қарсы қолдану аясында тиімділігіне оң әсер ете алады. Бұл мәселелерді шешу үшін қаптаманың құрамында нанокөмірдің мөлшерін және қаптаманың қалыңдығының оңтайлы түрін анықтап, нақтылай келе материалды әзірлеу керек. Күмістің нанобөлшектерін синтездеу әдісі бөлшектердің сапасына тікелей әсер ететін болғандықтан тиімді әдісті дұрыс таңдау маңызды.

Түйін сөздер: күміс, нанобөлшектер, фотохимиялық әдістер, антибактериалдық қасиет, металдық қаптама

©Заманбек А.Ж.*, Кошкарбаева Ш.Т., Сатаев М.С., 2026.

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

*E-mail: z.zh.akhanym@gmail.com

МЕТОДЫ ПОЛУЧЕНИЯ НАНОЧАСТИЦ СЕРЕБРА И АНТИБАКТЕРИАЛЬНЫЕ СВОЙСТВА

Заманбек Аққаным — PhD, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: z.zh.akhanym@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-8828-5315>;

Кошкарбаева Шайзада — кандидат технических наук, доцент, Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: shayzada-1968@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8753-3245>;

Сатаев Малик — доктор технических наук, профессор, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: malik_1943@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3456-7083>.

Аннотация. Нанотехнологии-одна из самых быстрорастущих отраслей благодаря своей уникальной функциональности и широте применения. Наномедицина изучает возможности наноматериалов в медицине для профилактики, лечения. В этом контексте наночастицы серебра обладают особыми бактерицидными, противораковыми свойствами, обладая различной наноструктурой. Кроме того, их производство экономически выгодно. В данной статье рассмотрены несколько физических, химических, биологических методов синтеза наночастиц серебра. Широко рассмотрены способности и свойства наночастиц, их роль в биомедицине. Недавний прогресс в синтезе частиц требует оптимизации морфологии, дисперсии и повышения стабильности материалов. Форма, форма и способность наночастиц зависят от способа их синтеза. В данной статье рассмотрены собственные преимущества и недостатки физических, химических, фотохимических методов получения частиц серебра. Кроме того,



в процессе извлечения частиц большое значение имеет фотохимический метод. Этот метод основан на фотохимической восстановительной активности серебра. Метод также расширяет свое применение в биомедицине, демонстрируя важность фотодыхания. На поверхности поливинилхлорида наночастицы серебра, полученные фотохимическим методом, равномерно распределены и имеют массовую долю 92,2%. Кроме того, добавление частиц серебра в магнитные покрытия может не только изменить оптические, электрические и каталитические свойства, но и положительно повлиять на их эффективность в контексте сенсорного, диагностического, антимикробного применения. Для решения этих задач необходимо разработать материал, определив и уточнив количество нанокompозита в составе упаковки и оптимальный тип толщины упаковки. Поскольку метод синтеза наночастиц серебра напрямую влияет на качество частиц, важно правильно выбрать эффективный метод.

Ключевые слова: серебро, наночастицы, фотохимические методы, антибактериальные свойства, металлический слой

Кіріспе. Наноғылым мен нанотехнологияның дамуы бірегей жаңа наноөлшемді материалдарды алуға мүмкіншілік беретін ғылым саласы. Олардың электрондық және оптикалық қасиеттері микроөлшемдегі бөлшектердің айтарлықтай ерекшеліктерге ие бола алатын негізгі күйі болып табылады (Alivisatos, 1996). Наноматериалдардың бөлшектерінің мөлшеріне тәуелді түрде өзгеретін қасиеттері бірнеше ғылыми жұмыстарда зерттелінген (Ellingson et al., 2005). Сонымен қатар, нанобөлшектердің жалпы қасиеттерін түсіну үшін және бөлшектердің өлшемін бақылау мақсатында зерттеу жұмыстары атқарылған (Markovich et al., 1999; Lu et al., 2005; Reinhard et al., 2005). Атап айтқанда, металданған күмістің нанобөлшектерінің қасиеттері негізінен беттік плазмондық резонанспен тікелей байланысты. Күмістің нанобөлшектерінің қасиеттері плазмондық резонанстық шыңдар мен сызықтардың енінің өлшеміне және нанобөлшектің пішініне (Kelly et al., 2003; Jin et al., 2001; Mulvaney, 1996), металл бөлшектеріне (Link and El-Sayed, 1999) және синтездеу барысындағы қоршаған ортаға (Kossyrev et al., 2005) сезімтал екені белгілі. Яғни, плазмон дегеніміз металл бөлшектерінің ішіндегі бос электрондардың жалпы тербелісін сипаттайды. Мұндай қасиеттер тек қана нанометрлік режимде ғана байқалатын құбылыс болып табылады. Бос электрондардың кванттық ұсталуы және аймақтық құрылымдардың мөлшерге тәуелді өзгеруі ішкі әсерді түсіндіреді, ал гетерогенді поляризация және мультипольдік режимдердің қозуы сыртқы әсерді түсіндіреді (El-Sayed, 2001). Күмістің мұндай қасиетті бөлшектері 1 және 100 нм диапазонында кездеседі. Жалпы нанобөлшектер бастапқы құраммен бірдей химиялық құрамға ие болып табылады. Алайда микро бөлшекті құрамнан нанобөлшекті құрамға өткенде олардың физикалық қасиеті, түстері, беріктігі, магниттік және термодинамикалық қасиеттері мен қатар басқа да физикалық аспектілері едәуір өзгеше болып табылады. Нанобөлшектердің медицинада кеңінен қолданысы белең алуымен қатар, олар әлі қарқынды зерттеу жұмыстарының сатысында.

Күмістің антибактериалдық қабілеті ерте уақыттан бері белгілі және медициналық қолданысқа ие. Технологияның қарқынды дамуының барысында наномедицинада күмістің қолдану аясы уақытпен бірдей артып келе жатыр. Мұндай пайдалы күмістің нанобөлшектерін синтездеу үшін де көптеген яғни, физикалық, биологиялық және химиялық әдістер қолданылады және әлі де дамыту барысында зерттелу үстінде. Наномедицинада күмістің нанобөлшектері физикалық және химиялық қасиеттерімен қатар, биологиялық функцияларымен ерекшеленіп аса өзекті болып табылады. Оның нанобөлшектерінің өлшеміне қарай наноқұрылымының функциялық қызметі де түрленуіне байланысты оны синтездеу әдісінің экономикалық тиімді және экологиялық таза болуы маңызды әрі өзекті болып отыр. Бұл жұмыстың мақсаты — наноөлшемді күмісті алудың физикалық, химиялық және биологиялық және фотохимиялық әдістеріне әдеби шолу жасай отырып, әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктеріне салыстырмалы түрде талдау жасау. Сонымен қатар, фотохимиялық әдістің биомедицинадағы рөлі мен перспективаларын бағалау.

Күмістің нанобөлшектерін синтездеу әдістері. Күмістің наноөлшемдегі бөлшектерін синтездеу үшін физикалық, химиялық және биологиялық әдістер белгілі. Әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттерінің құндылықтары бар екендігін атап өткен дұрыс. Биологиялық синтез кезінде күмістің нанобөлшектері белгілі бір организмде жүзеге асады және күміс иондарынан металданған түрге тотықсызданумен түсіндіріледі. Ал, физикалық әдістерде нанокүмістер булану және конденсация мен қатар лазерлі абляцияны қолданады. Бұл әдістердің ең басты кемшілігі көптеген энергияны қажет етуімен қатар процестің ұзақ уақытты қажет етуінде. Ли және Кан күміс олеатының комплексті түрден ыдырап Ag^+ иондарының монодисперсті кристалды күмістің түзілуі жүзеге асатындығын мәлімдеді. Олардың әріптестерімен жүргізілген зерттеу жұмысында металдық нанобөлшектерді алу үшін буландыру және конденсация процесіне керамикалық қыздырғыш қолданып, жүзеге асырылған. Зерттеу барысында тұрақты температурада қыздырғыштың бетінде уақыт өте келе күмістің сфералық және полидисперсті бөлшектері түзілгендігі көрінген (Ellingson et al., 2005). (Dahi et al., 2024) жұмыста полиолды әдіспен лазерлі абляцияны қолдана отырып күмістің сфера пішінді нанобөлшектерін синтездеуге болатындығын және әртүрлі өлшемдерін алуды зерттеген. Лазердің толқынының ұзындығы нанобөлшектердің өлшемдеріне әсерін зерттеу барысында толқын өлшемді күміс ұзындығы неғұрлым кіші болған сайын, бөлшектердің орташа өлшемі кішірейгендігі байқалған. Бөлшектердің орташа диаметрі 29 нм мен 12 нм аралығында болған. Наноөлшемді күміс бөлшектері лазерлі абляция әдісімен сулы ортада алынып, олардың эффективтілігін коллоидты ортада алынған бөлшектермен салыстырылған. Коллоидты бөлшектер фемтосекундты импульспен алынып, олар наносекундты лазерлі импульстік әдіспен алынған бөлшектерден эффективтілігі едәуір төмен болған. Нанобөлшекті күмістің физикалық әдіспен алынуында токсинды химиялық тотықсыздандырғыштардың болмауы және радиацияның қолданылмауы оң нәтиже бергенімен, ерітіндінің ластануы, шығымның төмен

болуы, бөлшектердің біркелкі емес таралуы және жоғары энергия шығыны әдістің басты кемшіліктері болып табылады (Nguyen et al., 2021).

Күмістің нанобөлшектерін алудың тағы да бір зерттелінген саласы химиялық әдістермен синтездеу болып табылады. Химиялық әдістердің басты артықшылығы құрал – жабдықтардың қарапайымдылығы, қолдануға ыңғайлылығында. Жоғарыда айтылғандай, күміс иондары ерітіндіден тотықсыздандырғыштың көмегімен металдық формаға ауысады да, күмістің нанобөлшектері түзіледі. Басқада зерттеушілердің айтуы бойынша күмістің тек қана куб пішінді емес басқада формаларға ие болатындығы және олардың ішінде сфера тәріздісі атап көрсетілген (Bhanushali et al., 2020). Күмістің нанобөлшектері AgNO_3 ерітіндісіне тұрақтандырғыш ретінде натрий борогидраты және натрий цитратын қолдану арқылы жүзеге асырылған. Натрийдың боргидраты нанокүміс алуда тотықсыздандырғыштың рөлін атқарып, 5-20 нм аралығында күмістің түзілетіндігін көрсеткен. Салыстырмалы түрде натрийцитратыда зерттелініп, 60-100 нм аралығында күміс бөлшектері түзілетіндігі байқалған. Поливинилпирролидон бөлшектердің өлшемін реттегіш ретінде ал, еріткіш және тотықсыздандырғыш ретінде этиленгликоль қолданылғанда олардың өлшемдері 10 нм – ден кіші болатындығын мәлімдеген.

Күмістің нанобөлшектерін алудың бірнеше химиялық дәстүрлі әдістері бар. Алайда, дәстүрлі әдістердер қолданылатын улы прекурсорлар мен тұрақтандырғыштар экологиялық тұрғыдан тиімсіз болып табылады. Сонымен қатар, мұндай әдістер көп сатылы және уақытты талап етуі мүмкін. Дисперсті нанобөлшектер агломерацияға ұшырап, бөлшектердің сапасының төмен болуына алып келу ықтималдылығы жоғары. Сол себепті, күміс бөлшектерінің біркелкі таралуы, тұрақтылығы оның антимикробтық қабілетін растау үшін маңызды параметрлері болып табылады.

Дәстүрлі тотықсыздандырғыштарды қолдана отырып, химиялық әдіспен күміс бөлшектерін алуға қарағанда өте тиімді фотохимиялық әдіс тиімді болып табылады. Күн сәулесінің фотон ағынымен тотықсыздандыру процесін жүзеге асыру фотототықсыздандыру деп аталады. Соңғы уақыттарда алтынның және күмістің бөлшектерін фотохимиялық әдіспен наноөлшемде алу арқылы олардың едеуір ірі түзілетіндігін және алтын мен күмістің биметалды нанокөмпозит ретінде қолдану аясын кеңейтетіндігі байқалған. Бұл көмпозитті металдардың әмбебаптылығымен олардың қолдану аясы оптоэлектроникада және биомедицинада кең болып отыр. Сонымен қатар, фотототықсыздандырғыш ретінде фемтосекундты лазер, галогенді және диодті лампалы жарық көздері қолданылған (Malik, 2022; Gubarev et al., 2019). Зерттеу жұмыстарында жарықпен индукцияланған ыстық электрондарды генерациялау үшін галогендік шамды жарық көзі ретінде қолданылады. Нәтижесінде күміс иондары тотықсызданып, күмістің нитратты ертіндісіндегі алтын нанобөлшектерінің айналасын қабықша ретінде қаптайды. AgNO_3 ерітіндісінде нанобөлшектерді сәулелендіру үшін 450 нм сәулелену шыңы бар жарық диодты шам қолданылды. Бұл тотықсыздандырғыштың әсерінсіз нанобөлшектердің түзілуіне мүмкіншілік берді. Жарық әсерінен тотықсыздану

күміс бөлшектерінің өсуіне жағдай жасайтын болғандықтан, нанокұрылымды беттік плазмондық резонансты реттеуге де болады. Бұл фотототықсыздану зерттеулерінде плазмондық нанокұрылымдар жарықпен сәулелену кезінде пайда болатын, беттік плазмалық резонансты қоздыратын ыстық электрондар шешуші рөл атқарады (Aguilar et al., 2022). Күмістің ультракүлгін сәуле әсерінен тотықсыздануы реакцияның жылдам кинетикасымен түсіндіріледі.

Нанобөлшекті күміс негізіндегі полимерлі материалдар биомедицина саласында қолдануға ұсынылған. Лысенков және оның әріптестері антимикробты наноматериалдарды зерттеп, күмістің нанобөлшектері орта есеппен 8–10 нм аралығында болғанда, полимердің термофизикалық қасиетін арттырып, диэлектрлік қасиетін төмендететінін анықтаған. Ал төменгі концентрацияда алынған нанокөмізгіштер антибактериалдық қасиет көрсетеді деп мәлімдеген. Сонымен қатар, күмістің нанобөлшектерінің УК сәулеге негізделген экологиялық таза әдісін ұсынған. Зерттеушілердің айтуы бойынша, 3D-печатты баспа қаңқасы химиялық тотықсыздандырусыз күмістің нанобөлшектері түзілгендігін жариялаған және УК сәулемен алынған бөлшектер 20-50 нм аралығында болған. Сонымен қатар, печаттың қаңқасының гидрофильдік қасиеті артқан. Ғалымдардың айтуы бойынша биосенсорика мен жараларды емдеуде жасушаларды өсіруге күмістің мұндай нанобөлшектерінің потенциалы жоғары. Күмістің нанобөлшектері темір оксиді (Fe_3O_4) сияқты супермагниттік қаптамалармен бірігіп, қасиеттерін жақсарта алады. Мұндай қаптамалы заттар дәрі – дәрмектерді тасымалдауда және магнитті-резонансты томографияда (МРТ) қолданысын кеңейту мақсатында пайдаланылады. Бұл магниттік функционализация күмістің көмегімен сыртқы магниттік өрісті аймақтарды басқаруда нақтылықты арттырып, басқарылатын локализацияны жақсартады. Сонымен қатар, магниттік қаптамаларға күміс бөлшектерін қосу оптикалық, электрлік және каталикалық қасиеттерді өзгертіп қана қоймай, олардың сенсорлық, диагностикалық, микробқа қарсы қолдану аясында тиімділігіне оң әсер ете алады. Бұл мәселелерді шешу үшін қаптаманың құрамында нанокөмізгіштің мөлшерін және қаптаманың қалыңдығының оңтайлы түрін анықтап, нақтылай келе материалды әзірлеу керек. Күмістің нанобөлшектерін синтездеу әдісі бөлшектердің сапасына тікелей әсер ететін болғандықтан тиімді әдісті дұрыс таңдау маңызды. Солардың ішінде ең кең таралғаны химиялық, электрохимиялық, фотохимиялық және «жасыл» синтез әдістері болып табылады. Күмістің нанобөлшектерін синтездеудің әдістерін салыстырмалы түрде төмендегі кестеде сипатталды.

Кесте 1. Күміс нанобөлшектерін синтездеу әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы.

Синтездеу әдісі	Артықшылықтары	Кемшіліктері	Қолданылу саласы
Физикалық әдіс	Нанобөлшектердің тазалығы жоғары, химиялық реагенттер қолданылмайды	Энергия шығынының көп жұмсалуды, құрал — жабдықтың қымбатшылығы	Материалтану, оптоэлектроника

Химиялық әдіс	Әдіс қарапайым, бөлшектердің өлшемін бақылау мүмкіншілігінің болуы	Бетті модификациялауда және тотықсыздандырғыш ретінде токсинды химиялық реагенттер қолданылуы мүмкін	Биомедицина, сенсорлар
Биологиялық әдіс	Экологиялық таза, жасыл синтез.	Реакция баяу, бақылау мүмкіншілігі төмен	Медицина, фармацевтика
Фотохимиялық әдіс	Бөлшектердің өлшемі мен морфологияны бақылау мүмкіндігі, энергия шығыны төмен, қауіпсіз	Жарық көзіне тәуелділік	Биомедицина, катализ, сенсорлар

Бөлшектердің формасы мен өлшемін оңтайландыру. Күмістің нанобөлшектерінің өлшемі мен формасы олардың антимикробтық активтілігіне, уыттылығына және полимерлі материалдағы биоүйлесімділігіне тікелей тәуелді. Синтездеу процесіндегі тотықсыздандырғыштың концентрациясы, стабилизатордың түрі, реакцияның температурасы және процестің ұзақтығы секілді факторлар нанобөлшектердің соңғы морфологиясына тікелей әсер етеді. Күмістің бөлшектері неғұрлым кіші болса, микробқа қарсы қасиеттері артады, бірақ цитоуыттылықтың қабілетін арттыруы мүмкін. Сонымен қатар, анизотропты формалар (мысалы, нанопластиналар, нанородтар) биосенсорлар мен бейнелеу қосымшалары үшін пайдалы ерекше плазмондық қасиеттерге ие. Бұл параметрлерді дәл бақылау дәрі-дәрмектерді мақсатты жеткізу және жараларды емдеу сияқты биомедициналық қосымшаларда күміс нанобөлшектерінің оңтайландырылған өнімділігін қамтамасыз етеді. Полимерлі матрицада бөлшектердің біркелкі таралуы тұрақты қасиет көрсететін өнім алуға және агрегацияның алдын алуға мүмкіндік туғызады. Біркелкі таралған бөлшектерді алу үшін ультрадыбысты өңдеулер, жоғары жылдамдықты араластыру және балқыма әдісімен алу ұсынылады. Күміс нанобөлшектерінің шамадан аса көп болуы материалдағы бөлшектердің агрегациясын арттырып, механикалық беріктігін төмендетеді.

Коммерциялық кең ауқымды қолданысқа ие материалды синтездеу үшін әдіс үнемді, экологиялық таза болуы керек. Балқымада араластыру, ерітіндіде араластыру әдістерімен бөлшектердің қасиеттерін сақтай отырып, күмістің нанобөлшектерін полимер матрицасына енгізуге мүмкіншілік береді. Реактордың әртүрлі өлшемінде ультракүлгін сәулесі арқылы тұрақты сапаны қамтамасыз ететін материалдар ұсынылады. Оның өнімі УК сәулесінің көмегімен алынып, бактерияға қарсы қабілеті рентгенді дифракциялық әдіспен дәлелденді. Күміс негізіндегі нанобөлшектердің биоүйлесімділігін қолданып, оның қолдану аясын кеңейту үшін полимерді дұрыс таңдау да қажет. Табиғи, синтетикалық, бейорганикалық және көміртек құрамды полимерлер жараларды тану материалдары, имплантанттарды жабу, биосенсорлар және дәрі-дәрмектерді жеткізу жүйелері сияқты қосымшалар үшін берілген қасиеттері бар озық нанокөмпозиттерді жасауға мүмкіндік береді.

Күмістің нанобөлшектерінің қолданысы тін инженериясында да антимикробтық

қабілетімен, импланттарды инфекциядан алдын алып қана қоймай, беріктігі мен электрөткізгіштік қабілеттерін арттыруымен үлкен потенциалға ие. Олардың поимерлі матрицасы бақыланатын деградацияға және биоүйлесімділікке қабілетті. Сол себепті, мұндай материалдар жаралардың жазылуына, сүйектердің регенерациясында және импланттарда пайдалы болып табылады. Зерттеушілер целлюлозаның гидрогелімен күмістің нанобөлшектерін полианилинде синтездеп, жоғары кеуекті материал алған (Ellingson et al., 2005; Markovich et al., 1999). 2-кестеде күмістің нанобөлшектерімен мата өндірісінің соңғы уақыттағы қолданысына қысқаша шолу жасалынған.

Кесте 2. Күмістің нанобөлшектерінің тін инженериясындағы қолданылуы.

Металл бөлшектері	Полимерлі матрица	Көмекші материалдар	Қолдану мақсаты
Ag	Гидроксиэтилцеллюлоза		Импланттар
Ag	Хитин, карбоксиметилцеллюлоза	Целлюлозаның наножіптері	Сүйек тінін дамыту
Ag	Крахмал және желатин	Шынының биоактивті бөлшектері	Сүйекке қажетті материалдар және бактерияға қарсы қасиеттері
Ag	Бактериалды целлюлоза, полианилин	Нанокөпозитті аэрогель	Бактерияға қарсы қасиеттері
Ag	Агароза, хитозан		Бактерияға қарсы қасиеттері


Зерттеу материалдары. Зерттеу үлгісі ретінде поливинилхлорид диэлектрлі материалы тандап алынды. Металдандыру үшін күміс иондары бар нитратты күміс 10 г/л концентрацияда, тотықсыздандырғыш ретінде аскорбин қышқылының 20 г/л ерітінділері қолданылды. Барлық ерітінділер аналитикалық тұрғыдан таза болып алынды.

Диэлектрлі материал бетін алдын ала дайындау: үлгі беті зімпара (P-2000) қағазымен механикалық өңделіп, кедір бұдырландыру процесі үшін $K_2Cr_2O_7$ — 6,5 %, H_2SO_4 — 93,5 % ерітіндісінде 2-3 минут бөлме температурасында ұсталынып, Na_3PO_4 — 20 г/л, Na_2CO_3 — 20 г/л ерітіндісінде майсыздандырылды.

Фотохимиялық процесс бөлме температурасында ғылыми зертханада жүзеге асырылды. Күн сәулесінің ағыны SM 206-SOLAR құрылғысымен өлшеніп, 800–1100 Вт/м² шамасын құрады. Полимерлі материал бетінде күміс бөлшектері түзілу үшін $AgNO_3$ тұзы қолданылды. (химическая чистота 99,9%, «СИБПРОЕКТ», Россия).

Полимер бетінде түзілген қаптаманың құрамы расторлы электронды микроскопия (ISM-6490-LV) арқылы зерттелінді.

Нәтиже мен талқылау. Материалдардың морфологиялық құрылымын зерттеу үшін расторлы электронды микроскопия (1-сурет) қолданылды. Күмістелген поливинилхлорид беті зерттелініп, бөлшектердің орташа өлшемдері алынды.




Сурет 1. Күмістелген беттің 10000 (а) және 2500 (б) есе үлкейтілген бейнесі.

Суреттерден бөлшектердің пішіні көбінесе сфералық, кей жерлерде фнизотпропты формада байлалады. Бұл фотохимиялық әдістің бақылау мүмкіншілігінің ыңғайлылығын көрсетеді.

Күміс элементінің бар жоғын зерттеу үшін энергия дисперсиялық спектроскопия әдісімен элементтік талдау жасалынды.

Кесте 3. Энергия дисперсиялық спектроскопия талдауының нәтижелері.

Элемент	Массалық үлесі, %
C	4,08
O	3,72
Ag	92,20
Жалпы	100



Талдау нәтижелері бойынша материал бетінде алынған қаптама құрамында массалық үлесі 92.20 % күміс бар екендігі анықталды. Бұл нәтижелер фотохимиялық әдістің тиімділігінің айқын дәлелі болып табылады.

Бөлшектердің мөлшері 50 нм-ге дейін болғанда олардың антимикробтық қасиеті артып, цитоуыттылығы төмен деңгейде болады. Сонымен қатар, фотохимиялық әдістің көмегімен алынған нанобөлшектердің қасиеті мен қабілетін, жарықтандыру уақытымен реттеуге болады.

Элементтік талдау нәтижесі көрсеткендей күмістің 92.20%-ға дейін полимердің бетінде кездесуі оның адгезиясының жоғарылығын дәлелдейді. Бұл өз кезегінде антимикробтық қасиетті және механикалық беріктікті арттыруға мүмкіндік береді. Көміртек және оттектің аз мөлшері полимер құрамын көрсетеді.

Зерттеу жұмысынан күмістің нанобөлшектері жоғары концентрацияда түзілгендігін көреміз. Күміс бөлшектері біркелкі таралған жағдайда биомедицинада қолдану аясын кеңейтеді. Мысалы, антимикробтық қаптамалар алу, импланттарды инфекциядан қорғау, тін инженериясында, сенсорлық құрылғылар үшін тиімді.

Қорытынды. Күмістің нанобөлшектерін синтездеу биомедициналық бағытта антимикробтық және оптикалық қасиеттерімен, электрөткізгіштік қасиеттерімен ерекшеленіп, перспективалы бағытқа ие. Нанобөлшектерді синтездеу технологиясы және оны оптимизациялау материалдардың функционалдылығын кеңейтті. Синтездеу әдісінің ең тиімді тәсілі ретінде қазіргі таңда фотохимиялық тотықсыздандыру жасыл химияны жандандыруда маңызды бағыт болып отыр. Әдістің артықшылықтары: бөлшектердің өлшемін дәл бақылау мүмкіндігі, энергия шығымын төмендігі, экологиялық қауіпсіздігі. Мұндай альтернативті стратегиялар күмістің нанобөлшектерінің қолданысының потенциалдығын жоғарылатып және беттік қаптама алу саласында немесе антибактериалдық агент ретінде наноматериалдар әзірлеуде қолданысқа ұсыныла алады. Сонымен қатар, мәселелерді оңтайлы шешумен қатар, күмістің нанобөлшектерінің биоүйлесімділігі мен бөлшектердің өлшемі, формасы және олардың концентрациясы секілді факторларға тәуелді цитоуыттылығы қауіпсіз клиникалық қолдану аясында әлі де қарастырылатын мәселе болып табылады.

References

- Aguiar D.B., et al. (2022). Ultrafine dispersions of silver particles in poly (vinyl alcohol). *Polymers*, 14. – P. 3588. DOI: 10.3390/polym14173588 (in Eng.)
- Bhanushali S., Mahasivam S., Ramanathan R., Singh M., Mayes E.L.H., Murdoch B.J., et al. (2020). Photomodulated spatially confined chemical reactivity in a single silver nanoprism. *ACS Nano*, 14. – P. 11100-11109. DOI: 10.1021/acsnano.0c04547 (in Eng.)
- Dallas P., Sharma V.K., and Zboril R. (2011). Silver polymeric nanocomposites as advanced antimicrobial agents. *Advances in Colloid and Interface Science*, 166. – P. 119-135. DOI: 10.1016/j.cis.2011.05.008 (in Eng.)
- Dahi A., Rogemont A., Brûlé Y., Labbez C., Chassagnon R., Coillet A., et al. (2024). Gold nanorod growth and etching activated by femtosecond irradiation and surface plasmon resonance. *Journal of Physical Chemistry C*, 128. – P. 3074-3081. DOI: 10.1021/acs.jpcc.3c08158 (in Eng.)
- Duran N., Duran M., de Jesus M.B., Seabra A.B., Favaro W.J., and Nakazato G. (2016). Silver nanoparticles: mechanical aspects of antimicrobial activity. *Nanomedicine: Nanotechnology, Biology and Medicine*. DOI: 10.1016/j.nano.2015.12.014 (in Eng.)
- El-Sayed M.A. (2001). Some interesting properties of metals confined in time and nanometer space of different shapes. *Accounts of Chemical Research*, 34, 257–264. DOI: 10.1021/ar960015p (in Eng.)
- Gubarev A., et al. (2019). Ag(0) nanoparticles stabilized with amino-modified polyethylene glycol. *Colloid Journal*, 81. – P. 226-234. DOI: 10.1134/S1061933X19010064 (in Eng.)

Hasan A., et al. (2018). Nano-biocomposite scaffolds of chitosan, carboxymethyl cellulose and silver nanoparticle-modified cellulose nanowhiskers. *International Journal of Biological Macromolecules*, 111. – P. 923-934. DOI: 10.1016/j.ijbiomac.2018.01.089 (in Eng.)

Ibrahim S., et al. (2021). Optimization for biogenic microbial synthesis of silver nanoparticles. *Scientific Reports*, 11. – P. 770. DOI: 10.1038/s41598-020-80805-0 (in Eng.)

Jin R.C., Cao Y.W., Mirkin C.A., Kelly K.L., Schatz G.C., and Zheng J.G. (2001). Photoinduced conversion of silver nanospheres to nanoprisms. *Science*, 294. – P. 1901-1903. DOI: 10.1126/science.1065402 (in Eng.)

Kelly K.L., Coronado E., Zhao L.L., and Schatz G.C. (2003). The optical properties of metal nanoparticles. *Journal of Physical Chemistry B*, 107. – P. 668-677. DOI: 10.1021/jp021714w (in Eng.)

Kossyrev P.A., Yin A., Cloutier S.G., Cardimona D.A., Huang D., Alsing P.M., and Xu J.M. (2005). Electric field tuning of plasmonic response of nanodot arrays. *Nano Letters*, 5. – P. 1978-1981. DOI: 10.1021/nl051198p (in Eng.)

Li C., Hu J., Jiang L., Xu C., Li X., Gao Y., et al. (2020). Shaped femtosecond laser induced photoreduction for highly controllable Au nanoparticles. *Nanophotonics*, 9. – P. 691-702. DOI: 10.1515/nanoph-2019-0496 (in Eng.)

Link S., and El-Sayed M.A. (1999). Size and temperature dependence of the plasmon absorption of colloidal gold nanoparticles. *Journal of Physical Chemistry B*, 103. – P. 8410-8426. DOI: 10.1021/jp9917648 (in Eng.)

Lu Y., Liu G.L., and Lee L.P. (2005). High-density silver nanoparticle film with temperature-controllable interparticle spacing for a tunable SERS substrate. *Nano Letters*, 5(1). – P. 5-9. DOI: 10.1021/nl048232 (in Eng.)

Markovich G., Collier C.P., Henrichs S.E., Remacle F., Levine R.D., and Heath J.R. (1999). Architecture of nanocrystal assemblies. *Accounts of Chemical Research*, 32. – P. 415-423. DOI: 10.1021/ar950135r (in Eng.)

Mulvaney P. (1996). Surface plasmon spectroscopy of nanosized metal particles. *Langmuir*, 12. – P. 788-800. DOI: 10.1021/la950271m (in Eng.)

Reinhard B.M., Siu M., Agarwal H., Alivisatos A.P., and Liphardt J. (2005). Calibration of dynamic molecular rulers based on plasmon coupling between gold nanoparticles. *Nano Letters*, 5. – P. 2246-2252. DOI: 10.1021/nl051592s (in Eng.)

Nogueira A.L., et al. (2016). Influence of process parameters and scalability of semi-batch production of functionalized silver nanoparticles. *Canadian Journal of Chemical Engineering*, 94. – P. 1472-1485. DOI: 10.1002/cjce.22530 (in Eng.)

Bhanushali S., et al. (2020). Photomodulated spatially confined chemical reactivity in a single silver nanoprism. *ACS Nano*, 14. – P. 11100-11109. DOI: 10.1021/acsnano.0c04547 (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 16.03.2026.

Формат 60x88¹/₈.

18,0 п.л. Заказ 1.